



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 жылғы Қазақстан Республикасы өнеркәсібі
жұмысының негізгі көрсеткіштері

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Тілеуберген Сымбат Сайлауқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Шауенова Әсел Сауқымбекқызы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

sy.tileubergen@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8(7172)74-97-74

S.2 Өзектілік- кіріспе

Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік өнімдердің (тауар, қызмет) өндірісін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру үшін 1-П

«Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі» (жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауы ұйымдастырылған.

Өнеркәсіп жұмыстарының негізгі көрсеткіштері (өңірлер бөлінісінде, экономикалық қызмет түрлері бойынша, өнеркәсіп өндірісінің құрылымы бойынша, сондай-ақ, заттай көріністегі өнеркәсіптік өнімдердің өндірісі бойынша) туралы деректер ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде қалыптастырылады. Өнеркәсіп жұмыстарының негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қаңтарда №16171 болып

тіркелген «Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістемесіне» сәйкес алғашқы статистикалық деректер негізінде қалыптастырылады.

Өнеркәсіптік өндіріс мемлекет экономикасының дамуы мен тиімді жұмыс істеуінде маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, білім беру мекемелері, бизнес құрылымдар және басқа да бірқатар пайдаланушылар статистикалық ақпараттың негізгі пайдаланушылары болып табылады.

Пайдаланушылармен кері байланыс ресми сұраулар, электрондық пошта, телефон байланысы, «Telegram» мессенджері арқылы жүзеге асырылады. Бұдан басқа, жыл сайын Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, оларда жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың көрсеткіштерін олардың өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар менәкімшіліккөздер нысандарының көрсеткіштерімен қосарланудың болуы тұрғысынан бағалау жүргізіледі.

S.3. Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

15.11.2022

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

15.11.2022

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

15.11.2022

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өнеркәсіп жұмыстарының негізгі көрсеткіштері өңірлер бөлінісінде, экономикалық қызмет түрлері бойынша, өнеркәсіп өндірісінің құрылымы бойынша, сондай-ақ, заттай көріністегі өнеркәсіптік өнімдердің өндірісі бойынша қалыптастырылады.

Өнеркәсіптік өндірістің индекcін (бұдан әрі - ӨӨИ) есептеу

үшін Ласпейрес типіндегі физикалық көлем индексі пайдаланылады, оның арифметикалық нұсқасы b (мұнда $b \leq 0$) кезеңінде $W_{i,b}$ салмағын пайдаланумен алынған жеке сандарының $(Q_i/t)/(Q_i)$ салмақталған орташа қатынасын білдіретін Юнга индексі болып табылады. Юнга индексі салмақ және индексті есептеу ($b=0$) үшін базистік кезең сәйкес болған кезінде Ласпейрес индексіне тең. Практикада базистік кезең салмағы үшін

(b) айтарлықтай ұзақ кезең 0 және t. Салмақты есептеу жылдық кезеңнің шығындары туралы деректерге негізделеді және саны туралы деректерайға алынады және аса кеш жылға жатады.

9. ӨӨИ есептеу келесі формулалар бойынша жүзеге

асырылады: $I_t/b = (Q_t \times P_b) / (Q_b \times P_b) \times 100, (1)$

мұндағы,

I_t/b – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

Q_t және P_b – тиісінше, есепті және базистік кезеңдердегі өнім мөлшері;

P_b – базистік жылдағы орташа

жылдық баға. $I_{(t-1)}/b = (Q_{(t-1)} \times P_b) / (Q_b$

$\times P_b) \times 100, (2)$ мұндағы,

$I_{(t-1)}/b$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда

t-1 өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

$Q_{(t-1)}$ – өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі өнім мөлшері;

Q_b – базистік кезеңдегі өнім мөлшері;

P_b – базистік жылдағы орташа жылдық

бағасы. $I_t/(t-1) = (I_t/b) / (I_{t-1}/b) \times 100, (3)$

мұндағы,

$I_t/(t-1)$ – (1) және (2) формулаларда есептелген индекстерді бөлу жолымен алынатын $t-1$ өткен кезеңімен (өткен айымен, өткен жылғы тиісті айымен немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңімен) салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

I_t/b – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

I_{t-1}/b – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда

$t-1$ өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер. $t-1$ кезеңіндегі өндіріс көлемімен t уақыт кезеңіндегі өндіріс көлемін салыстыру базистік жылдың орташа айлық мәнінен осы екі көлемнің ауытқуларын салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Мынадай статистикалық классификаторлар пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ - Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдармен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ҰҚНЖ - Шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының жіктеуіші;
- 6) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.
- 7) ӨӨСЖ - Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың,

көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы

(Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған).

S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне сәйкес өнеркәсіптік статистикаға келесі секторлар:

тау-кен өндіру өнеркәсібі мен

карьерлерді қазу; өңдеу өнеркәсібі;

электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау;

сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет жатады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Байқау әдісі - жаппай;

2. Респонденттер тобы - жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, қызметтің негізгі және қосалқы түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-33, 35-39) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері. Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 14 наурызға (қоса алғанда) дейін;

3. Деректерді жинау құралдарды - «Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі» (индексі 1-П, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

Статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz сайтында

«Респонденттерге» бөлімінде қол жетімді.

Өнеркәсіп статистикасының негізгі

көрсеткіштері:

Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі – тараптарға, өзінің күрделі құрылысына және өнеркәсіптік емес бөлімшелеріне өткізуге, өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтерге арналған, кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны. Қосылған құнға салықсыз, акциздерсіз және зауытшілік айналымсыз, аяқталмаған өндіріссіз және алыс-беріс шикізатынсыз есептеледі;

Заттай көріністегі өндірілген өнеркәсіптік өнім – аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және алыс-беріс шикізаттан өндірілген өнімдерін қоса алғандағы өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі жалпы шығарылымы;

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – өнеркәсіптегі қосылған құнның физикалық мөлшерінің уақыт бойынша өзгерісін көрсететін өнеркәсіптік статистиканың қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіші;

Құндық көріністегі жөнелтілген өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) көлемі – қаралып отырған кезеңде тұтынушыларға іс жүзінде жөнелтілген (тапсырыс берушіге сол жерде акт бойынша берілген өнімді қоса) өнімнің, кәсіпорынның есепшотына түскен немесе түспегеніне қарамастан, тапсырыс беруші қабылдаған орындалған жұмыстар және көрсетілетін қызметтер нақты жөнелтілген өзі өндірген өнімінің құны;

Алыс-беріс шикізат – тапсырыс берушіге тиесілі, басқа кәсіпорындарға одан өнім өндіру үшін өнеркәсіптік өңдеуге берілген шикізат.

S.4.5 Статистикалық объект

Жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, қызметтің негізгі және қосалқы түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-

33, 35-39) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері статистикалық объект болып табылады.

2021 жылы кәсіпорындар және өндірістер саны 14065 құрады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау жаппай әдіспен жүзеге асырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана.

S.4.8 Қамту уақыты

1990 - 2021 жылдарға уақыт қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылмен салыстырылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы (бұдан әрі – Заң).

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы бұйрығымен бекітілген 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну ережесі.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қаңтарда №16171 болып тіркелген «Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме».

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 қазандағы № 235 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 11 қарашада №14413 болып тіркелген «Өнеркәсіптік өндірістің индексін есептеу әдістемесі».

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 29 наурыздағы № 51 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 25 сәуірде №13626 болып тіркелген «Өндіріс және қоршаған орта статистикасында деректерді редакциялау бойынша Әдістеме».

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. Заңның 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік беріледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Бюро төрағасының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі –Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару

қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген сәйкестендірілмеген түрде дерекқорларды ғылыми мақсаттарда беру және пайдалану қағидалары.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген электрондық түрдегі ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру және тарату әдістемесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Заңның 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Бюроның, Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының (МОИРБП) сайтында орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі www.gov.kz / Министрліктер / БНС / статистикалық қызметті жоспарлау/график <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=ru>) сайтында орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың

оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді.

Деректер Бюроның www.stat.gov.kz ресми сайтында және taldau.stat.gov.kz

«Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесінде орналастырылған.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз релизінің шығарылымы қарастырылмаған.

S.11.2 Жарияланымдар

1. Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "Қазақстан Республикасы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері" статистикалық бюллетень жарияланады. Статистикалық бюллетеньде өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі, өнеркәсіптік өндіріс индекстері және заттай көріністегі өнеркәсіптік өнімдердің өндірісі көрсетілген. Бюллетень ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)/Өнеркәсіп өндірісі статистикасы бөлімінде жарияланған.

2) Жыл сайын Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі" туралы статистикалық жинақ жарияланады. Жинақта өнеркәсіп жұмысы қорытындыларының қысқаша сипаттамасы ұсынылған. Қазақстанның өнеркәсібі өндірісі ЭҚЖЖ сәйкес республика және өңірлер бойынша «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу»,

«Өңдеу өнеркәсібі», «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», «Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет» қызмет түрлерін қамтиды. Ресми статистикалық ақпарат (жарияланымдар)/Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылады.

3) Жыл сайын Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "2021 жылғы өнеркәсіп жұмысының қорытындылары" жедел ақпарат жарияланады. Жедел ақпаратта өңірлер бойынша және

экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері көрсетілген. Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)/Өнеркәсіп өндірісі статистикасы бөлімінде жарияланады.

4) Жыл сайын Бюроның www.stat.gov.kz сайтында "Қазақстан Республикасы экономикалық қызметтер түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері", «Қазақстан Республикасы бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері» және «Заттай көріністе өңірлер бөлінісіндегі өнімдердің өндірісі» серпінділік қатарлар жарияланады. Серпінділік қатарларда өңірлер бойынша және экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері көрсетілген. Заттай көріністегі өнімдердің өндірісі өңірлер бөлінісінде ЭҚЖЖ сәйкес «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», «Өңдеу өнеркәсібі», «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», «Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет» қызмет түрлерін қамтиды. Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)/Өнеркәсіп өндірісі статистикасы бөлімінде жарияланылады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» АТЖ Бюроның ресми сайтында мына сілтеме бойынша орналасқан: басты / Талдау Ақпараттық-талдау жүйесі "Өнеркәсіп өндірісі статистикасы" бөлімінде.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қаңтарда

№16171 болып тіркелген «Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме». ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтында Әдіснама/Өнеркәсіп өндірісінің статистикасы бөлімінде және www.adilet.kz сайтында орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген сапа саласындағы саясат.

2. Сапа бойынша есеп.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты өндіру процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Өнеркәсіп статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- ӘҚК 497 бабына сәйкес бастапқа статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік тіркелді. Дәйексіз деректерді ұсынғаны үшін – ескерту, Статистика органдарына деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау айыппұл салуға әкеп соғады

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.

- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық);

- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін

респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді.

S.13.2 Сапаны бағалау

«Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме» кезінде, әдіснамалық негіз ретінде 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіп статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар және өнеркәсіп өндірісінің индексі бойынша халықаралық ұсынымдар пайдаланылды.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараттың негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар (ТМД Статистика Комитеті, БҰҰ статистикалық бөлімі, БҰҰ ЕЭК, Евразиялық экономика комиссиясы, ЮНИДО), білім мекемелері, бизнес құрылымдары және де бірқатар басқа да пайдаланушылар болып табылады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Бюросының ресми сайттағы «Пайдаланушылар сауалнамасы» арқылы жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі, бұл ескертулер мен ұсыныстарды енгізу мүмкіндігімен жалпы статистика органдарының қызметі мен құралдарына пайдаланушылардың қанағаттануынан ықпал мақсатында жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2021 жылы есеп тапсырған респонденттер саны 26044 құрады, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың үлесі – 98%, жұмыс істеп тұрғандардан белсенді кәсіпорындардың үлесі – 45,5%.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Халықаралық стандарттарға негізделген "Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістемеге" сәйкес дәлдік және сенімділік оңтайлы таңдалған байқау әдісін өткізумен қамтамасыз етіледі.

Бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезде арифметикалық және логикалық бақылауды қолданылуы деректердің сапасын қамтамасыз етеді.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Жылдық деректер бойынша алдын-ала қорытындыларды жариялау қарастырылмаған. Жылдық деректерді ай сайынғы негізде жариялауға дейін жедел деректер қалыптастырылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Респонденттердің ұсыну уақытынан өнеркәсіп жұмыстарының негізгі көрсеткіштері жариялағанға дейінгі уақыт шамамен 110 күнді құрайды.

Соңғы нәтижелер бюллетенде жыл сайын 30 маусымда жарияланады. Статистикалық жұмыс жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде шығарылым күні бекітілген және жарияланған.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер жылсайынғы Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланады және таратылады. Жариялану мерзімдері

жылсайынғы Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін және ҚР Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыс жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылы жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ (сайтта 2022 жылғы 4 шілдеде жарияланған). Егер жарияланым демалыс немесе мереке күніне түссе, жарияланым шығарылымы жұмыс күніне түседі.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағы шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемінің динамикалық қатары 1990 жылдан бастап салыстырмалы және үзіліссіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

«Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме» кезінде, әдіснамалық негіз ретінде 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіп статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар және өнеркәсіп өндірісінің индексі бойынша халықаралық ұсынымдар пайдаланылды.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар басқармасына ЖІӨ және ЖӨӨ қалыптастыру үшін,

«Өнеркәсіп» саласы бойынша жалпы шығарылым және өнеркәсіптік өндірістің индексі деректері ұсынылады.

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасы ай сайынғы

«Қазақстан Республикасында өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану» бюллетенінде жариялау үшін жекелеген өнеркәсіптік өндіріс

өнімінің көлемі туралы ақпаратты пайдаланады.

S.19 Жүктеме

Жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді жинақтау әдеттегі қателерді енгізу мүмкіндігін болдырмайтын респондент үшін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылау қарастырылған онлайн режимде жүзеге асырылады. Ақпаратты өңдеу автоматтандырылған, шығыс және кіріс ақпаратты бақылау көзделген. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер немесе басқа көздер қолданылмайды. 2021 жылы есеп берген респонденттердің саны 26044 құрады, оның ішінде 85%-дан астамы он-лайн режимде есеп берді.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Нысанды қайта қарау 2021 жылы жүргізілген жоқ, статистикалық нысанды 2020 жылы қайта қарау қарастырылды, статистикалық нысанБюроның интернет-ресурсында орналастырылды (www.stat.gov.kz) респонденттерге арналған бөлімде – 2021 жылға арналған Статистикалық нысандар- жылдық Нысандар. 2021 жылы ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Өнеркәсіп өнімдерінің (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарының қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының бастапқы деректері, жеке кәсіпкерлердің, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың өндірген өнім көлемдері, үй шаруашылығындағы кірістер және шығыстар бойынша зерттеулер деректері ақпараттық базасы болып табылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

1-П «Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі» статистикалық нысанды тапсыру қағаз

жеткізгіште қолма-қол аумақтық статистика органдарындағы «Бір терезеге», пошталық байланыс қызметтері арқылы немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің нақтылығы бастапқы есептермен нақтыланады, қағаз жеткізгіште бірінші басшылардың қолымен және мөрімен куәландырылады, ал электронды түрде тапсырылғандар – электронды қолтаңбамен. Бюро жағынан бастапқы статистикалық деректерді тексерген кезде арифметикалық және логикалық бақылаудық қолданылуы деректердің сапасын қамтамасыз етеді. Аумақтық Бюро қызметкерлері күмәнданатын экстремалды көрсеткіштер және шұғыл ауытқуларды тапқан кезде, респондент деректерді нақтылайды немесе бекітілген заңнамалық тәртіпте өзгерту енгізеді. Бұдан басқа, бастапқы статистикалық деректер тиісті тәртіппен ресімделген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде құрастырылады. Бастапқы есепке алу деректер мен статистикалық байқауларда көрсетілген деректер арасындағы негізсіз алшақтықтарға жол берілмейді.

Заңның 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу барысында жүзеге асырылады

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын камтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.